



Каспий теңізінің проблемасы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 28 шілде 1994 ж. N 295-ө

Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттердің ынтымақтастығын үйлестірудің нақты шараларын жүзеге асыру үшін:

1. Каспий теңізінің проблемасы бойынша келіссөздерде

Қазақстан Республикасының мемлекеттік делегациясы мен сарапшылар тобының құрамы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мемлекеттік делегацияның мүшелері мен сарапшылар Каспий теңізін пайдаланудың барлық кешенді мәселелері жөніндегі келіссөздердегі қызметінде Каспий теңізінің құқықтық статусы жөніндегі Директиваларын N 2 қосымшаға сәйкес басшылыққа алсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 131 өкімінің күші жойылды деп саналсын.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1994 жылғы 28 шілдедегі
N 295 өкіміне
N 1 қосымша

Каспий теңізінің проблемасы бойынша келіссөздерде
Қазақстан Республикасының үкімет делегациясы мен
сарапшылар тобының
Құрамы

Үкімет делегациясы:

Әбілсейітов Ф.А. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
орынбасары, Ғылым және жаңа технологиялар
министрі (делегация басшысы)

Сағадиев К.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының президенті (делегация басшысының
орынбасары)

Алесин В.И. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің

орынбасары

Ахметғалиев Б.Р. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының, ТМД істері жөніндегі бөлімінің менгерушісі

Бижанов Н.Қ. - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының орынбасары

Елеманов Б.Д. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары

Жаркенов М.И. - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрінің бірінші орынбасары

Закиев Б.С. - Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің қолбасшысы

Қасымов А.Х. - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары

Куандықов Б.М. - "Қазақстанкаспийшельф" Ұлттық акционерлік компаниясының президенті

Тихонов С.В. - Қазақстан Республикасының Әділет министрінің бірінші орынбасары

Сарапшылар тобы:

Жәрдемәлиев К.К. - Экобиоресурсмині Бас мемлекеттік сараптамасының бас сарапшысы

Исламов Р.А. - Қорғаныс министрінің Әуе-теңіз Күштері бөлімінің бастығы

Марабаев Ж. - "Қазақстанкаспийшельф" Ұлттық акционерлік компаниясының вице-президенті

Мұхамеджанов Н.А. - "Каспий" ғылыми-талдау орталығының директоры

Сарсембаев С.С. - Сыртқы Істер министрлігінің халықаралық экономикалық қатынастар басқармасының бастығы

Султашев Н.О. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының ТМД істері бөлімінің сарапшысы

Сыдықов Ж.С. - академик, Ұлттық Ғылым академиясы Төралқасының мүшесі

Өтепов И.А. - Сыртқы Істер министрлігі Экология жөніндегі бөлімінің менгерушісі

Шоқпытов А.М. - Бас шекара әскерлерінің теңіз бөлімінің

бастығы
Шустов А.И. - Қазақ балық қорғау Бас басқармасының
бастығы

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1994 жылғы 28 шілдедегі
N 295 өкіміне
N 2 қосымша

Каспий теңізінің құқықтық статусы жөніндегі
Директивалар

Каспий теңізінің құқықтық статусы жөніндегі келіссөздерде Қазақстан
Республикасының делегациясы мынаны басшылыққа алады:

1. ССРО-ның ыдырауына және Каспий маңында жаңа егеменді мемлекеттердің (Эзіrbайжан, Қазақстан, Россия және Туркменстан пайда болуына байланысты Россия мен Иран (Персия) арасындағы 1921 жылғы 26 ақпандағы Шартпен және ССРО мен Иран арасындағы 1940 жылғы 25 наурыздағы Шартпен белгіленген Каспий теңізінің бүрынғы құқықтық статусы жаңа геосаяси талаптарға сай келмейді.

2. Қазақстан делегациясы Каспий теңізінің жаңа құқықтық статусын анықтау үшін Каспий маңындағы мемлекеттердің көпжақты келіссөздер жүргізуіне қажырлылықпен әрі табандылықпен қол жеткізуі қажет, бұл проблеманың шешімі табылмайынша Каспий маңындағы мемлекеттердің екіжақты және көпжақты ынтымақтастырының басқа мәселелерінде ілгерілеуге қол жеткізу мүмкін еместігін түсіндіру керек.

3. Каспий теңізі проблемасының кешенді сипатын, Қазақстан Республикасының түрлі ведомстволары мұдделерінің қарама-қайшылықтарын, сондай-ақ, Каспий маңындағы басқа мемлекеттердің мұдделерін ескере отырып, делегация Каспий теңізінің жаңа құқықтық статусын анықтауда мына мәселелерге баса назар аударсын:

а) Каспий теңізінің құқықтық статусы республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін Қазақстан халықаралық-жүрт таныған негіз қалап, Каспий теңізінің Қазақстан бөлігіндегі минералдық-шикізат ресурстарын өндіреу мен ұтымды пайдалануына нақты мүмкіндіктер туғызуы керек;

б) Қазақстанның Каспий теңізіндегі кеме қатынасы мен балық аулау кәсібі мәселелерінің қолайлы шешілуін қамтамасыз ету;

в) Каспий маңындағы мемлекеттермен серіктестік негізде Каспий теңізінің

экологиялық мәселелерінің шешімін табу.

Сонымен қатар барлық мұдделі министрліктер мен ведомстволардың мұдделерін үйлесімді ету үшін бар күш-жігерді жұмсау керек.

4. Каспий теңізінің ерекше сипатын ескеріп, оған 1982 жылғы теңіз құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының аймақтық сулар, айрықша экономикалық аймақтар, континентальдық шельф, ашық теңіз бетінде еркін ұшу мәселелері, балық аулау, айналадағы ортаны қорғау, жағалаудағы мемлекеттердің жағалауды қорғау мәселелері тәртібін қадағалайтын негізгі ережелерін қолдануға қол жеткізу.

5. Каспий маңындағы мемлекеттердің аймақтық ынтымақтастық мәселелерін тиімді шешу үшін Қазақстан делегациясы Каспий маңындағы елдердің мемлекет пен үкімет басшылары үшін Каспий теңізі проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу жүктелетін Мемлекетаралық Кеңес құру туралы ұсыныс енгізсін.

6. Каспий теңізі проблемаларын шешудің алғашқы кезеңінің келіссөздері барысындағы Россияның рөлін ескеріп, Каспий теңізінің құқықтық статусының маңызды бағыттарын келісу үшін шаралар қолданылсын.

7. Каспий маңындағы мемлекеттер мен келіссөздер процесін жүргізу дің кезеңдері мен тактикасы, түрлі кезеңдердегі келіссөздерге қатысушылардың құрамы туралы мәселе Қазақстан Республикасының егемендік тенденгі және құқықтық мұдделерін құрметтеу негізінде, сондай-ақ тараптардың қаралатын проблема жөніндегі позициясы мен көзқарасының ерекшеліктеріне қарай анықталсын.

8. Каспий маңындағы мемлекеттердің аумақтық ынтымақтастығы туралы Келісім жөніндегі көліссөздері Каспий теңізінің құқықтық статусы туралы келіссөздерімен қатар жүргізілсін.

9. Каспий теңізінің құқықтық статусы туралы келіссөздердің барысына қарай үкіметке осы директиваларға өзгертулер енгізу және Қазақстан делегациясының тактикалық бағыты жөнінде ұсыныстар енгізілсін.